



БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қаласы

2021 жылдың 04 қазаны

KASE қаржылық сауаттылықты арттыру үшін бірқатар іс-шаралар өткізбекші

Қазақстан қор биржасы (KASE, Биржа) жеке инвесторлар үшін Fall Sessions of Financial Literacy ақпараттық білім беру бағдарламасын іске қосты. Ол шара бағалы қағаздар бойынша Халықаралық ұйымдастыру комиссиясының (International Organization of Securities Commissions, IOSCO) бастамасымен ұйымдастырылған биылғы жылы қаржылық сауаттылықты арттыру бойынша жаһандық апараттық науқан – Инвесторлардың Халықаралық апталығына арналған (World Investor Week, WIW). Бағдарлама Қазақстан қор биржасы Бүкіләлемдік биржалар федерациясы (World Federation of Exchanges) және IOSCO – Ring the Bell for Financial Literacy жаһандық бастамасына бірігу аясындағы қаржылық сауаттылықты арттыру жобасына қолдау мақсатында сауда-саттықты ашу рәсімінен бастау алды. Аталмыш акция Халықаралық инвесторлар апталығы бойы үшінші жыл қатарынан жүзеге асырылуда. 2021 жылы аталмыш бастамаға әлем бойынша 78 биржа қолдау көрсетуде.

Fall Sessions of Financial Literacy кешенді бағдарламасы аясында Биржа қор нарығының негіздері бойынша тегін вебинарлар сериясын "Қазақстан қор биржасында инвестициялау" және екі конкурс – акциялар нарығында Жеке инвесторлар конкурсы және "Биржалық симулятор" өткізуде.

"Қазақстан қор биржасында инвестициялау" атты оқытушы сессиясы бағалы қағаздар нарығындағы құралдар тақырыбын ашушы алты вебинардан тұрады, ол 2021 жылдың 25 қыркүйегінен 29 қазанына дейін созылады.

Жек инвесторлар конкурсы 2021 жылдың 04 қазанынан 04 қарашасына дейін өтеді. Онда кез-келген инвестор өзінің брокері – Биржа мүшесі арқылы қатыса алады. Конкурсқа қатысу кезінде қатысушыларға KASE Индексінің өкілетті тізімінен акцияларды сатып алуға кем дегенде екі мәміле жасауы қажет. Мәміле көлеміне шектеулер қойылмайды. Жасалған мәмілелер нәтижесінде ең жоғарғы кірістілікке те болған үш жеңімпазды бағалы сыйлықтар күтетін болады. Конкурс туралы толық ақпарат биржаның корпоративтік сайтында www.kase.kz жарияланған.

Бағдарламаның тағы бір бөлігі - KASE студенттік жобасы "Биржалық симулятор". Дәріс барысында алынған білімді студенттер "Биржалық симулятор" шеңберінде практикада қолдана алады. Байқау кезінде жоба қатысушылары - университет студенттері сауда -саттық басталған кезде номиналды көлемі 1 миллион теңге болатын портфолио (қаржы құралдарының/акциялардың виртуалды жиынтығы) ұсынылады. "Биржалық симулятор" қатысушыларының негізгі міндеті - ең жақсы инвестициялық портфельді қалыптастыру, ол шын мәнінде жеңімпаздарды анықтайды. Жобаға қазақстандық делдалдық компаниялар демеушілік көрсетті, олар жеңімпаздарға сыйлық ретінде нақты нарықта шот ашады және олардың әрқайсысына басқаруға 200 мың теңгеден береді. Байқаудың бірінші кезеңі ағымдағы жылдың 01 сәуірінен 31 мамырына дейін өтті, екіншісі 05 қазанда басталды және 2021 жылдың 05 желтоқсанында аяқталады.

Fall Sessions of Financial Literacy бағдарламасы 2021 жылдың 25 қыркүйегінде басталып, ағымдағы жылдың желтоқсан айына дейін созылады.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Бұл мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валталары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық

алаңы болып табылады. KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.